

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

ЖОБА

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӨНЕР САЛАСЫНДА
ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ
КОНЦЕПЦИЯСЫ**

2025–2030 жылдарға арналған

Алматы 2025

«Өнер» бағыты бойынша ОӘБ ұсынған.

_____ 202_ ж _____

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӨНЕР САЛАСЫНДА
ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ
КОНЦЕПЦИЯСЫ**

Негіздеме және негізгі ережелер

Өнер саласындағы кәсіби білім беру ҚР креативті индустриясын қалыптастыру мен дамытуда маңызды рөл атқарады. Қазақстан халқына арналған «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Жолдауында атап өтілгендей, креативті индустрия – экономика мен жұмыспен қамтудың өсім нүктесі болып табылады, ол медиа, кино, музыка, дизайн, білім беру және ақпараттық технологиялар салаларын қамтиды.

2023 жылғы 6 маусымдағы №448 ҚР Үкіметінің қаулысымен креативті индустрияға жататын экономикалық қызмет түрлерінің тізбесі бекітілді. Аталған тізбеге 43 ЭҚЖК енгізілді. Олардың ішінде:

Кино және анимация

59.11.0 Кино-, бейнефильмдер мен телевизиялық бағдарламаларды өндіру қызметі

59.12.0 Кино-, бейнефильмдер мен телевизиялық бағдарламаларды аяқтау қызметі

Мәдени-демалыс мекемелері

90.01.2 Концерттік қызмет

90.04.0 Концерттік және театр залдарының қызметі

90.03.0 Көркем және әдеби шығармашылық

93.29.3 Қуыршақ театрларының қызметі

90.01.1 Театр қызметі

90.01.3 Цирктердің қызметі

Музыка

59.20.0 Дыбыс жазу және музыкалық туындыларды шығару саласындағы қызмет

Архитектура және сән

74.10.0 Арнайы дизайн қызметі

Телевизиялық бағдарламалар

60.20.0 Телевизиялық бағдарламаларды жасау және тарату қызметі

Фотография

74.20.0 Фотография саласындағы қызмет

IT және геймдевелопмент

58.21.0 Компьютерлік ойындарды шығару

Осыған байланысты «Өнер» бағыты бойынша мамандарды даярлайтын ҚР жоғары оқу орындары мен колледждері аталған ҚКЭД-ке кіретін мамандықтарға арналған 56 кәсіби стандарт әзірлегенін атап өту қажет.

Креативті индустриялар Қазақстан Республикасының экономикасында үлкен секторды қамтитын болады, сондықтан шығармашылық әлеуеті бар, тиімді жобаларды құрып, оларды басқара алатын кәсіби мамандар ең сұранысқа ие ресурсқа айналуға.

Креативті индустрияларды дамыту бірнеше ТДМ-ға қол жеткізумен тығыз байланысты. Өмір бойы кәсіби оқыту мен білім беруді қолдай отырып, креативті индустрия салалары өнер, дизайн және цифрлық сауаттылық сияқты бағыттардың дамуына ықпал етеді. «Өнер» бағыты бойынша білім беру бағдарламалары ерте жастан бастап шығармашылық дағдыларды дамытуға бағытталғандықтан, адамдардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтіп, олардың креативті индустриялар нарығы үшін қажетті құзыреттерін қалыптастырады.

«Өнер» бағыты бойынша кәсіби білім алу қазіргі заманғы көркемдік практикаларды игеруге, өнер тарихы мен теориясына терең бойлауға, концептуалды ойлауды дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан өнер мектептерінің, колледждері мен жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары еңбек нарығының сұранысына сәйкес жобалануы тиіс. Бұл нарыққа креативті ойлауды, авторлық, басқарушылық, жобалық құзыреттерді және бизнес тәсілдерді үйлестіре алатын мамандар қажет.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында атап өткен болатын: «Біз елімізде креативті экономиканы ауқымды дамыту үшін барлық жағдайды жасауымыз керек. Соның ішінде зияткерлік меншікті құқықтық құралдармен қорғау қажет. Бұл – принципті маңызды мәселе. Зияткерлік меншік – жабдық немесе технология сияқты мүлік».

Колледждер мен жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының түпкі мақсаты – авторлық құқық объектісін, яғни көркем шығарманың авторы (орындаушысы) еңбегін жасау және оны коммерцияландыру болуы тиіс. Өнер колледжі немесе жоғары оқу орнының түлегі заманауи креативті маман ретінде тек бірегей өнімдер мен қызметтерді жасап қана қоймай, жаңа идеяларды дамытып, қоғамға шабыт беруі керек.

Креативті индустрияларда сұранысқа ие әрі табысты маман, өнер саласының кәсіби маманы болу үшін нақты пәндік салада терең білім алып, заманауи практикалық, концептуалдық және пәнаралық құзыреттердің мол арсеналына ие болу қажет. Креативті сала үздіксіз өзгеріп отырады, сондықтан білім беру өзектілігін сақтап, икемді болып, индустриямен бірге өзгеруге қабілетті болуы маңызды. ***Өнер саласындағы білім беру мәселелерін шешуде концептуалды көзқарас қажет. Ол Қазақстан Республикасында креативті индустрияны қалыптастырудағы негізгі даму бағыттарын, сондай-ақ оның рөлі мен орнын айқындауға мүмкіндік береді.***

Қазақстандағы өнер саласындағы білім беру соңғы жылдары мамандарды даярлау сапасы бойынша еліміздің білім беру кеңістігіндегі жетекші орындарын жоғалтқан жоқ. Бұған шығармашылық оқу орындарының түлектерінің қазіргі еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие болуы дәлел бола алады. Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында, Қазақ ұлттық өнер университетінде, Қазақ ұлттық хореография академиясында «мектеп – колледж – ЖОО – жоғары оқу орнынан кейінгі білім» деңгейлері бойынша мамандар даярлау жүзеге асырылады. Көріп отырғанымыздай, білім беру деңгейлерінің өзара байланыс процесі өнер саласы мамандарын даярлаудың тепе-теңдігін реттеуге мүмкіндік береді, осылайша еңбек нарығын сапалы мамандармен қамтамасыз етеді.

Өнер саласы мамандарын даярлау сапасының шарттарының бірі – кәсіби білім берудің барлық деңгейлерінің сабақтастығында деп санаймыз.

Үздіксіз білім беру – бұл тұлғаның шығармашылық әлеуетінің ілгері дамуын және оның рухани әлемінің жан-жақты байытылуын қамтамасыз ететін тұтас процесс. Ол адамға әлеуметтік мәртебесінің қолайлы өзгерістерін беретін арнайы ұйымдастырылған оқудың бірізді сатыларынан тұрады.

Қазіргі талаптарға сәйкес, өнер саласындағы кәсіби білім берудің мәніне жаңа көзқарас қалыптасып келеді. Ол тек білім, іскерлік пен дағдылар жиынтығын ғана бермей, құндылықтық бағдарларды және тиісті кәсіби әрі кәсіби емес құзыреттерді қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасындағы өнер саласында үздіксіз кәсіби білім беруді дамытудағы негізгі бағыттар:

1. Креативті индустрияны қалыптастыру және дамыту мақсатында колледждерде білім берудің жаңа деңгейі – жоғарылатылған білім беру қажет. Осы мақсатқа жету үшін ТЖКБ (техникалық және кәсіптік білім) мен бакалавриат деңгейіндегі мамандар даярлау арасындағы алшақтықты еңсеру керек. Өнер саласында үздіксіз кәсіби білім берудің икемді жүйесін құру қажет, онда колледждер мен жоғары оқу орындары арасында кооперация тетіктері әзірленіп, ТЖКБ-ның қарқынды дамуына мүмкіндік жасалады.
2. Білім беру процесінің сабақтастығын қамтамасыз ету үшін, іргелілік тұрғысынан музыканттың, суретшінің, бишінің мектеп деңгейінде берік бастапқы дайындығы болуы қажет. Мұнда болашақ мамандықтың техникалық негіздерін меңгерумен қатар, теориялық дайындық пен зияткерлік әлеуеттің болуы маңызды. Бұл – ары қарайғы білім алудың мүмкіндігін айқындайтын құрамдас бөліктер. Кәсіби тұрғыдан өсу үшін кәсіби білім берудің барлық вертикалі (мектеп–колледж–ЖОО)

заманауи көркем тәжірибе мен теория талаптарына қатаң бағытталуы қажет.

3. Оқу пәндерінің ғылыми-әдістемелік тұрғыдан сапалы қамтамасыз етілуі білім алушылардың өзіндік білім алуына, танымдық қабілеттерін дамытуына, зияткерлік сұраныстарын қанағаттандыруына кең мүмкіндік береді. Барлық білім деңгейіне арналған оқу құралдары мен оқулықтардың жоғары әдіснамалық, теориялық және әдістемелік деңгейі білім алушылардың ойлау дербестігін, теория мен практиканың, тарих пен қазіргі заманның, пәндік және пәнаралық байланыстардың өзара ықпалдастығын түсінуін қамтамасыз етеді.
4. Өнер саласындағы жоғары оқу орнына дейінгі кәсіби даярлық аясында (қосымша білім беру ұйымдарымен, колледждермен және өнер саласындағы оқу орындарымен келісімшарттар жасау арқылы) дарынды балалармен және жастармен мақсатты жұмыс жүргізу.
5. Өнер саласы бойынша педагогикалық кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін жетілдіру. Креативті индустрияда сұранысқа ие озық әдістемелер мен тәжірибелерді зерттеу. Заманауи бизнес-процестер туралы білім алу.
6. Ішкі және халықаралық нарықта сұранысқа ие креативті шығармашылық жобалар мен өнімдер жасау мақсатында үздік халықаралық білім беру тәжірибелерін жинақтайтын білім беру бағдарламаларын әзірлеу.
7. Өнер саласында үздіксіз кәсіби білім беру жүйесін ұйымдастыру, дамыту және жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындау.

Осылайша біз ұсынып отырған **«Қазақстан Республикасында өнер саласында үздіксіз кәсіби білім беруді дамыту тұжырымдамасы»** жобасы – «Өнер» бағыты бойынша мамандар даярлайтын білім беру ұйымдарын біріктірудің мағыналық өзегіне айналады. ***Жобаның мақсаты – өз елінің экономикалық дамуын ынталандыруда ғана емес, сонымен қатар Қазақстан халқының мәдени мұрасын сақтауда және дамытуда басты рөл атқаратын креативті индустрияның шығармашыл тұлғасын қалыптастыру.***